ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №03(483) 16 ақпан 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ДЕНСАУЛЫҚ АКЦИ□СЫ

Жақында университетіміздің Медицина факультетінің белсенді ерікті жастарының ұйымдастыруымен «Денсаулық» акциясы өтті. Бұл шара оқу орнымыздың қызметкерлері мен студенттеріне қазіргі таңдағы әлемдік деңгейде қауіп төндіріп отырған Коронавирус жайлы ақпараттандыру мақсатында алдын алу шаралары аясында ұйымдастырылды.

2 БЕТТЕ

### 17 МАҚСАТ ЖАЙЛЫ ХАБАРЫҢЫЗ БАР МА?

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу саясаты (тұжырымдама) туралы хабарыңыз бар деген сенімдемін. Бұл бастама Біріккен ұлттар ұйымымен тығыз байланысты болғаны да мәлім. РИО+20 сияқты Саммиттердің арқасында қабылданған шешім.

3 БЕТТЕ

### СІЗ ҚАНДАЙ СТУДЕНТ БОЛЫҢЫЗ?

- Студенттік менің кемінде 10 жыл уақытымды алды. Мектепті қоссақ 20 жыл білімгер рөлінде болдым. Сондықтан 20 жылды бір сөзбен айтатын болсам мен ешқашан білімге тоймаған студент болдым, - деп студенттік шағын еске алған журналистика мамандығының магистр оқытушысы Малика Халилла. Студенттің алғашқа сұқбаты.

5 БЕТТЕ

### ЖУРНАЛСИТЕРДІҢ ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ

Университетіміздің Журналистика мамандығының бір топ студенті жақында Алматы қаласында өткен Бүкіләлемдік Радио күніне арналған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында «РАДИО - БАРШАҒА АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМА: ИДЕЯЛАР ГЕНЕРАЦИЯСЫНАН ИННОВАЦИЯҒА» атты VII халықаралық журналистика және куммуникация Қысқы мектебіне қатысып, білімдерін жетілдіріп келді.

8 БЕТТЕ

## КІТАПХАНА ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

**Жақында университетіміздің Ғылыми кітапханасында жаңа кітаптардың таныстырылымы өтті. Жиынға университет ректоры Б.Абдрасилов, вице-президенттер — П.Пилтен, Ө.Үмбетов, К.Беркімбаев, оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты. Университеттің Ақпараттық – ресурстық орталығының кітап қоры кафедралар тарапынан 2019-2020 оқу жылында берілген сұраныстар негізінде сатып алынған кітаптармен толықтырылды. Барлық оқулықтар кітап қорына енгізіліп, техникалық өңдеуден өтіп, оқырмандар назарына ұсынылды.**



Университет тарапынан 48 млн. теңге бөлініп, 12800-ге жуық оқулықтар, монографиялар мен оқу құралдары сатып алынды. Нәтижесінде кітап жаңартылуы 3 пайызға жетті. Барлық мамандықтар жаңа кітаптармен қамтылды десек болады. Алынған кітаптардың басым бөлігі Медицина мен Стоматология мамандығына берілген. Себебі университет білімгерлерінің 40 пайызын осы екі факультет құрайды. Жалпы кітапхана қорында бүгінгі күні 617 000 кітап бар.

Айта кетейік, оқу ордамыз Ерекше мәртебеге ие болғалы жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізіп отыр. Соның ішінде кітапхана қорын күшейту бағытында ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, университет басшылығы Skopus секілді әлемдік деңгейдегі ғылыми басылымдардың базасына жазылуға қол жеткізді. Сонымен қатар Түркияның ғылыми-технологиялық зерттеулер кеңесі (TUBITAK) арқылы Түркия университеттерінің электронды формат арқылы кітаптарын пайдалануға мүмкіндіктер алды.

## СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ТАҒЫ БІР БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ







Атырау қаласында 6-10 ақпан аралығында Самбо куресінен Қазақстан Республикасының Чемпионаты өтті. Біріншілікке 13 облыс пен 3 қаладан 365 спортшы қатысты.

Оқу ордамыздың жаттықтырушылары Әбдісадық Халилаев пен Қасымбек Жақыпбеков сайысқа бабы келіскен 6 спортшыны қатыстырды. Сайдың тасындай мықты студенттердің барлығы жеңіс тұғырына көтерілді.

Әбдіғани Бейбарыс -100кг, Айдарбек Тоқтарбек - 82 кг, Қайырберді Айдынбай - 57кг, Жылқыбаева Айжан - 48 кг салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанса, Пайыз Жадыра II орынды, Қолдасбек Гүлзира III орынды иемденді.

Оқу ордамыздың атын танытып, намысын қорғап жүрген жеңімпаз жастарымызды құттықтаймыз!

## «ТАРТУ» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ТЕАТРЫ АШЫЛДЫ

**Оқу ордамыз тарапынан білімгерлерге қолдау айтарлықтай көрсетілуде. Жақында жастардың өнерін ұштау мақсатында «Спорт және Өнер» факультетінің студенттерінен құрылған «Тарту» әзіл-сықақ театры ашылды. «Актерлік өнер» мамандығының өнерлі жастарының басын қосқан «Тарту» әзіл-сықақ театрының алғашқы тұсаукесер концертін оқу орнымыздың ұстаздары мен жастары тамашалады.**



«Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті Әмірекұл Абуов «Тарту» әзіл-сықақ театрының алғашқы қадамдарына сәттілік тілеп, құттықтады. Тек қана Қазақстанға ғана емес, түркі елдеріне танылып, киелі Түркістан мен оқу орнымыздың атын шығара берулеріне тілектестігін білдірді.

Оқу орнымыздағы барлық өнерлі де білімді жастарға қолдау көрсетіліп жатқандығының бұл да бір көрінісі.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# АҚ ХАЛАТТЫЛАР ДА ЕРІКТІЛЕР ҚАТАРЫНДА!



**Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Егемен Қазақстан болғалы мемлекет басшысы жылда көрегенді саясатының арқасында Халыққа жолдау жолдайды. Президенттің әр жылы жолдайтын жолдамасы мен бастамасын барлығымыздың асыға күтетініміз анық.**

Ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «2020 жыл-Еріктілер жылы» деп жариялауынан бері әрбір Қазақстандық ерікті болып, елдің дамуына өз үлесін қосу қажет деп білемін. Әрине, бұл жолда ақ халатты абзал жандардың қосар үлесі маңызды болмақ. Осыған орай, қысқы демалыстан келген факультеттің белсенді студенттерін жинап, Еріктілер жылына жоспар құрып, болашақ әріптестерге ерекше қайырымдылықтың сауабы мен Отан алдындағы міндетті орындау – біздің парызымыз екендігін айтып, жастарға рух беріп, игі іс бастауға шақырдым. Расында, президенттің келіп жеткен жылды «Еріктілер жылы» деп атауының астарында зор мағына жатыр. Ерікті болу – ізгілікке, имандылыққа, рахымшылық пен адамгершілікке тәрбиелейді. Ал біздер болашақ дәрігерлерді білім нәрімен сусындатып, оларды тек жақсы маман, сұранысқа ие дәрігер болуғаға ғана емес, жақсы адам болуға тәрбиелеу біздің ұстаздық әрі адамдық парызымыз. Ерікті болған адам – кез-келген адамға көмек қолын созып, оларға тек материалдық тұрғыдан ғана емес, рухани көмек бере отырып, ол адамды демеу, медициналық тілмен айтқанда «емдеу».

«Жастар тәрбиесі –ұлт болашағының баянды бағдары» екендігін баса назарға ала отырып, өз Отанымның келешегі үшін саналы азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу жолында барлық күш-жігерімді сарп етудемін. Мақсаты мен мүддесі бір, еліміздің дамуына зор үлес қосатын патриот жастар біздің білім ордамызда білім алуда. Ал ол жастарға қолдау көрсету – біздің міндетіміз. Жастардан күтер үмітіміз мол, үмітіміздің ақталарына сенімміз мол!

Адам жанының жанашыры болған дәрігерлерді игі бастамаға ат салысуға шақырамын. Еріктілер жылы құтты болсын!!!

**Ықылас Молдалиев**
**Медицина факультетінің деканы,профессор**

## «Денсаулық» акциясы өтті

Жақында университетіміздің Медицина факультетінің белсенді ерікті жастарының ұйымдастыруымен «Денсаулық» акциясы өтті. Бұл шара оқу орнымыздың қызметкерлері мен студенттеріне қазіргі таңдағы әлемдік деңгейде қауіп төндіріп отырған Коронавирус жайлы ақпараттандыру мақсатында алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Болашақ дәрігерлеріміз студенттер мен оқытушылардың ағзадағы қант құрамының деңгейі мен қан қысымын анықтап, студенттерге Коронавирус дегеніміз не, вирустың таралуы, берілу жолдары, симптомдары, жұқтырып алуға күмән болған жағдайда іс-әрекеттері мен өзіндік қорғану әдістері туралы мағлұмат берді. Университетіміздің ректоры Б.Абдрасилов қоғамда жастарымыздың дұрыс тамақтанып, салауатты өмір сүруі мен спортпен шұғылдануына насихаттайтын жас дәрігерлеріміздің ұйымдастырған шарасының маңызды екендігін атап өтіп, істеріне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жас дәрігерлеріміз студенттерге коронавирус жайлы түсіндірме парақшаларын таратты.





## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ- ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен А.Байтұрсынұлы Білім Академиясы бірлесіп «Мектеп жаңаруын ғылыми-педагогикалық сүйемелдеу» атты Республикалық оқу-әдістемелік семинар өткізді. Семинардың мақсаты — орта білім мазмұнының жаңаруы барысындағы өзгерістер мен практикада кездесетін күрделі мәселелерді талдау, оларды шешу жолдарын анықтау. Жиынға Республикамыздың барлық өңірлерінен келген ұстаздар, университетіміздің 45 оқытушы-профессор құрамы мен облыстық білім басқармасының әдіскерлері, 100-ге жуық мектеп мұғалімдері қатысты. Маңызды жиынды университетіміздің оқу істері жөніндегі вице-президенті Ә.Үмбетов пен А.Байтұрсынұлы Білім Академиясының директоры Ұлан Еркінбаев ашып, семинардың мақсаты, мазмұны мен өзектілігіне тоқталып, алдағы уақытта да бұндай маңызды семинарлардың өткізілетіндігін жеткізді. Семинар спикерлері «Үздік оқытушы», п.ғ.к А.Қисымова мен білім беру ісі бойынша үздік сарапшы Е.Болатханұлы жүргізді. Семинар 72 сағаттық «Білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында білім сапасын көтеру мүмкіндіктері» атты авторлық бағдарламасына негізделген. Семинарда білім беру мазмұнының өзгеруіне әкелген үрдістер, тиімді сабақ жоспарлары, білім мен мектеп стратегиясы, жаңарудың тәрбие жұмысына әсері жөніндегі мәселелер қарастырылды. Семинар қатысушылары ЖОО мен мектеп арасында ғылыми-әдістемелік байланыс орнатуға мүмкіндік алып, орта білім беру саласындағы реформалық өзгерістер туралы теориялық білімін өз практикасында жаңа тәжірибелермен жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, педагогикалық процесс барысындағы қиындықтарын шешуге арналған білім-дағдыларды игеріп, жаңару үдерісіндегі «Әкімшілік – Мұғалім – Оқушы – Ата-ана» жүйесінің тетіктерін оңтайландыру жолдарын меңгерді. Семинарға қатысушылар жаңартылған білім мазмұны бойынша ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Қатысушылар семинарды ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді. Курс соңында тыңдаушыларға сертификат табысталды.



## АҚ ХАЛАТТЫ ЕРІКТІЛЕР

Ақпанның 4-ші жұлдызында университетіміздің Медицина факультетінің белсенді ерікті жастарының ұйымдастыруымен «Денсаулық» акциясы өтті. Бұл шара оқу орнымыздың қызметкерлері мен студенттеріне қазіргі таңдағы әлемдік деңгейде қауіп төндіріп отырған Коронавирус жайлы ақпараттандыру мақсатында алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Болашақ дәрігерлеріміз студенттер мен оқытушылардың ағзадағы қант құрамының деңгейі мен қан қысымын анықтап, студенттерге Коронавирус дегеніміз не, вирустың таралуы, берілу жолдары, симптомдары, жұқтырып алуға күмән болған жағдайда іс-әрекеттері мен өзіндік қорғану әдістері туралы мағлұмат берді.Университетіміздің ректоры Б.Абдрасилов қоғамда жастарымыздың дұрыс тамақтанып, салауатты өмір сүруі мен спортпен шұғылдануын насихаттайтын жас дәрігерлеріміздің ұйымдастырған шарасының маңызды екендігін атап өтіп, істеріне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жас дәрігерлеріміз студенттерге коронавирус жайлы түсіндірме парақшаларын таратты.

## «ЯСАУИ КУБОГІ» ҮШІН СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫ БАСТАЛДЫ

Ақпанның 11-ші жұлдызында Болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялауын қолдау мақсатында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Ясауи кубогі» үшін факультетаралық дәстүрлі студенттер лигасының ашылу салтанаты өтті. Спорттық сайыстың мақсаты – студенттер арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, спорттық іс-шараларды өткізу арқылы студенттерді отансүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу, денсаулығын нығайту, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, достығын нығайту. Спорттық жарыстар 10.02-12.03. уақыт аралығында өтеді. Студенттер спорттық сайыста кіші футбол, волейбол (қыздар), стритбол (ерлер) спорт түрлері бойынша сынға түседі.

## КОРОНАВИРУСТАН БІРГЕ САҚТАНАЙЫҚ

Шымкент қаласындағы университетіміздің Шымкент медицина институтында «Короровирус 2019 nCoV» қарсы ағарту іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараға институтымыздың қызметкерлері мен I курс білімгерлері қатысты. Қатысушылар коронавирусқа қатысты төрт тілде қазақ, орыс, түрік, өзбек тілдеріндегі баяндамаларында «Коронавирус 2019 nCoV» дегеніміз не, вирустың берілу жолдары, симптомдары, жұқтырып алуға күмән болған жағдайда іс-әрекет алгоритмі, алдын алу, өзіндік қорғану әдістері туралы көрнекі құралдармен толық мағлұмат берді. Коронавирус туралы жаднамалар таратылды.

Сонымен қатар, түсіндірме жұмыстары бойынша шаралардың жалғасы университетіміздің Медицина факультетінің белсенді ерікті студенттері мен Түркістан облысы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен Түркістан қаласындағы орталық базар аймағында «Коронавирустан бірге сақтанамыз!» акциясын өткізді. Шараның мақсаты – тұрғындарға коронавирус туралы ақпарат беру, коронавирустың алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстарын өткізу. Ауқымды шара облыс тұрғындарына қазіргі таңдағы әлемдік деңгейде қауіп төндіріп отырған коронавирус жайлы ақпараттандыру мақсатында алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Коронавирус дегеніміз не, вирустың берілу жолдары, симптомдары, жұқтырып алуға күмән болған жағдайда іс-әрекеттері мен өзіндік қорғану әдістері туралы мағлұмат берді. Сонымен қатар, арнайы медициналық маскалар мен коронавирус туралы жаднамалар таратылды.

Сондай-ақ, түсіндіру жұмыстары Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты «АИ» дәрігерлік амбулаториясында коронавирус инфекциясы бойынша эпидемияға қарсы іс-шаралардың кешенді жоспары түзіліп, бекітілген. Университетіміздің барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларында санитарлық эпидемиологиялық тәртіп күшейтілді. Студенттерге түсіндірме парақшалары таратылып, ғимараттарға плакаттар ілінді. Университетімізде білім алатын барлық шетел студенттері қадағалануда. Факультеттерде санитарлық ағарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, санитарлық талаптарға сай залалсыздандыру жұмыстары күшейтілді.

## 17 МАҚСАТ ЖАЙЛЫ ХАБАРЫҢЫЗ БАР МА?

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу саясаты (тұжырымдама) туралы хабарыңыз бар деген сенімдемін. Бұл бастама Біріккен ұлттар ұйымымен тығыз байланысты болғаны да мәлім. РИО+20 сияқты Саммиттердің арқасында қабылданған шешім бұл. 1945 жылы 24 қазанда құрылған, бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті, халықаралық және достық қатынастарды дамыту үшін, ұлтаралық бірлесіп әрекет ететін мәселелерді, адам құқығында белсенді рөл танытып жүрген ол әрине, БҰҰ. Жасап жүрген істері халыққа беріп, ұсынып отырған мүмкіндіктері ұшан теңіз, оны бірі білсе, бірі білмейтіні айдан анық. Солардың алдыңғы қатарында 2015 жылдың қыркүйек айында ұсынылған Тұрақты даму мақсаттары(ТДМ). Қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан мәселе еместігі белгілі. Атап айтқанда, Қазақстан қоғамында. Алайда оларды танытумен, халыққа, қоғамға үгіт-насихат жүргізетін де топтар бар. Ол жайында мақсаттарды таныстырғаннан кейін айта кетейін.

Ал, менің бұл тақырыпты таңдау себебім, және де жазудағы басты мақсатым, оқып отырған оқырманды кішкене болсын ақпараттандырып, қоғамға өз үлесімді қосып, әлемде не болып жатқанын білгенін қаладым. Біз үшін қабылданған шешімдерді құлақ қағыс еткім келген болатын.

Енді ТДМ дегеніміз жалпы не? Айтылып отырған 17 қандай мақсат?

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) : 17 мақсат, 169 бөлім мен 232 индикатордан тұратын 2015 -2030 жылдар аралығында БҰҰ – нық енгізген күн тәртібі. Басты мақсат: Әлемде болып жатқан ең үлкен проблемалардың алдын алуға тырысу. Жүз пайызға барлығы шешіліп кетпейтіні белгілі. Бірақтан, жер планетамызды қорғап, онымен қоса оның да тұрғындарына үгіт насихат жүргізіп, белгілі бір прогресс деңгейіне дейін жету, яғни даму.

Тұрақты даму мақсаттарының негізгі бағыттары:

### 5 НЕГІЗГІ БАҒЫТ



**Адамдар**
кедейшілікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді
қамтамасыз ету, білім беру



**Планета**
құрлықтың экожүйелерін және су ресурстарын тымды пайдалану, климаттың өзгеруі



**Өркендеу**
инклюзивтік өсу және экономикалық өзгерістер



**Әлем**
қауіпсіз және бейбіт қоғам, күшті институттар, сот төрелігі



**Серіктестік**
тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік, есурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда

Қазақстанның өңірлерін дамыту үшін, онда расымен қандай мәселелер бар, соны білу үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жанынан құрылған Экономикалық зерттеулер институтының бастамасы өте жақсы деп есептеймін. Осы орайда, оларда ТДМ-ның қандай мәселелермен айналысатынын айтып өткенім де артықтық емес. Өзім де жасаған еңбектерінің куәсі болдым. Түркістан қаласында өткізілген семинарға қатыстым. Түрлі маман салаларының басын қосып, олардың сан саққа ұшыраған ой пікірін білу оңай шаруа емес. Өңір-өңірді аралап, күн тәртібіне үлес қосайық деген ниеттері де, қоғамға пайдамызды тигізейік деген де ойлары болды. Облыс статусын алған Түркістанның да бұл шараға қатысатынына сенемін.

Біз осы дүниеге қаншалықты үлес қосып жатырмыз, бір мақсатын болсын іске асырып, дамытуға тырысып жатқан жоқтығымызды айту мен үшін ұялатындай жағдай. Ия, мен қарапайым студентпін, қолымнан анау айтқандай әлемді өзгертіп жібергідей күшқуатым жоқ, алайда қолымнан келетін шаралардың бірін жасауға тырыстым.

Өмір сүріп отырған ортамызға біздің тигізер пайдамыз көп, себебі болашақ ұрпаққа оны кіршіксіз түрде тапсыру міндетіміз. «Жұмыла көтерген жүк – жеңіл» демекші БҰҰ - ның мақсаты екен демей, болашақты да ой елегінен өткізіп, ат салысуымыз тиіс...

*Дайындаған:*
*Нұрайым ШЕКЕРБЕКОВА*
*Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3-курс студенті*

## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ



Қазіргі таңда еліміздің бірнеше аймақтарында экология өте маңызды мәселелердің бірі.

Еліміздегі экологиялық аймақтардың басты мәселесі бұл ластанған ауа, ластанған қала. Экология жалғыз біздің елімізде ғана емес бүкіл дүние жүзінің ауқымды бір мәселесі. Экология мәселесін жақсарту барысында дүние жүзілік ұйымдарда қарқынды түрде жұмыс жүргізуде. Соның бірі Біріккен Ұлттар Ұйымы.

Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл дүниежүзілік ұйым. Дүниежүзіндеге 192 мемлекет осы ұйымға мүше. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу жаһандану жағдайында Қазақстанға саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуге және халықаралық ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанынан құрылған «Тұрақты даму мақсаттарының» 17 мақсатында экология мәселесі енген. Осы ұйымның шешімімен Тұрақты Даму Мақсаттарын» қарқынды дамыту мақсатында әр түрлі елде қарқынды түрде таныстырылып талқылау жұмыстары жүргізілуде.

«Тұрақты Даму Мақсаттарын» таныстырып, жұмыстарды жүргізу елімізде дамып келе жатыр. Қазіргі таңда осыған байланысты еліміздің әр қаласында қызу жұмыс жүріп жатыр. Сол қалалардың бірі Түркістан қаласы.

Түркістан қаласы 2018 жылы Елбасымыздың шешімімен Түркістан облысының орталығы болып бекітілді. Сол жылдан бастап қаламызда небәрі 1 жыл ішінде көптеген өзгерістер болды. Түркістан қаласы негізінен экологиялық аймақтар қатарында. Қаламыз дамып жатқанымен экология мәселесі әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатыр. Қаламыздың экологиялық жағдайына келер болсам, бізде маңызды 3 мәселені айтуға болады.

1.Таза ауа
2.Таза су
3.Жасылдандыру жұмыстары

Бірінші мәселеге тоқтала кетсем – Таза ауа.

Қаламызда қыс, күз мезгілдерінен бастап ауа ластана бастайды. Себебі тұрғын үйлерді жылыту барысында жағылатын отынның түтіні қала ауасын ластайды. Одан бөлек қарапайым тұрғындар әлі күнге дейін көмір жағып келеді. Содан шығатын түтін де ауаны ластайды. Таза ауаны шешу мәселесінде газ орнату мәселесін қолға алу керек. Қаланы толық газ жүйесіне қосқан соң мүмкін ауа да тазарар. Алайда қаламызға газ орнату ол үлкен жұмыс. Жақсы газды орнатты делік, нәтижені сол уақытта көре жатармыз. Түтіннен бөлек көлік құралдарының да шығатын түтіндері ауаны ластап жатыр. Бұл ауқымды мәселелерді болашақтың еншісене қалдырайық. Бастысы қала тұрғындары таза ауамен тыныстаса денсаулыққа да пайдалы емес пе!?

Келесі екінші мәселе – Таза су.

Қаламыздың көп бөлігі таза сумен қамтылған. Десе де су мәселесі қаламыздың маңызды мәселелерінің бірі. Қаланың кейбір аймақтарында су тұзды болып келеді. Ол адам денсаулығына кері әсерін береді. Ол осы қаланы мекендейтін тұрғындарға білінбес. Алайда шет аймақтардан келген тұрғындарға бірден білінеді. Сол мақсатта суды тазарту барысында қарқынды жұмыс жүргізсек жағдай едәуір жақсарады. Қала тұрғындары үшін ең маңыздысы ол - су. Сондықтан да су мәселесін экологиялық мәселеге қостым.

Біздегі үшінші мәселе – қаланы көгалдандыру.

Қаланы жасылдандыру жұмыстары. Түркістан қаласы облыс орталығы болғандықтан қаланы жасылдандыру алғашқы атқарылатын жұмыс ретінде қарау керек. Қазіргі таңда қаламызда ағаш-тар мен шыршалар егу дамып келе жатыр. Ағаштарды көптеп отырғызсақ ауа да тазарады, қаламыздың көркі де кірер еді. Бұл жұмыс қазіргі кезде жақсы дамып келе жатыр. Осы көгалдандыру жұмыстарына еріктілерді тартып, қаланы жасылдандыруға үлес қосса, жастар қызығушылықпен жасаса ол жұмыста үлкен бір жеңіс деп есептеуге болады.

Елімізде қазіргі таңда жасыл және ең таза қала ол – Орал қаласы. Орал қаласы - қаланың тазалығымен және ауаның тазалығымен ерекше қала.

Неге біз Түркістан қаласын таза қала жасамасқа. Ол үшін әрбір адам қаланы таза ұстаса, қоқысты белгіленген орындарға тастаса қала тазаланады.

Қазіргі таңда қаламыздың тазалығын сақтау үшін арнайы қоқыс тастайтын жаңа экологиялық қоқыс тастау орындары орнатылды. Ол да таза қала болуымызға үлкен бір көмек.

Мен осы тақырыпта неге үш мәселені қозғадым. Себебі, осы үш мәселе Тұрақты Даму Мақсаттарында қозғалған ауқымды мақсаттар. Осы Тұрақты Даму Мақсаттарын қарқынды түрде дамытып қаламызды көркейтуге барынша жастарды шақырамын. Өмір сүріп жатқан ортамызды, қаламызды бәріміз бірге дамытайық, бірге көркейтейік. Қаламыздың экологиялық жағдайын жақсартуға қаламыздағы барлық жастарды шақырамын. Қаламызды бірге дамытайық, бірге көр-кейтейік.

Ғайни АМАНЖОЛ
3 курс студенті

# ТАЗА ҚАЛА ТҮРКІСТАН

Түркістан қаласы облыс орталығы болғалы бері қаламызда көптеген мәселелер өз шешімін табуда және де күннен-күнге көркеюде. Біракта бізде күрмеуі қиын мәселелер де аз емес. Солардың бірі және бірегейі - тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу ісі. Бұл - біздің қаламыздың ғана емес жалпы еліміздің мәселесі. Қаламызда тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды қайта өңдейтін кәсіпорындардың болмауы салдарынан, қаламыздың шет аймақтары қоқыс алаңына айналды. Бұл қаламыздың және еліміздің ғана емес, бүкіл әлемдік проблемалардың бірі, себебі бұл экологияға тікелей кері әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда осы мәселе төңірегінде қала әкімшілігі көптеген жұмыстар атқаруда. Солардың бір мысалы қаламыздың көшелері мен аялдамаларында тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мақсатында жаңа қоқыс жәшіктері орнатылды. Шетел тәжірибелеріне сүйенер болсақ, нақтырақ айтқанда, Европа тұрғындарының кез келген өзін-өзі сыйлайтын азаматы тұрмыстық қалдықтарды сұрыптамай қоқыс жәшігіне тастамайды екен. Ал Финляндия көшелерінде орналасқан жәшікке ұқсас арнайы ыдыстардан жер астынан жалғанған арнайы вакуумды құбырлар арқылы қоқысты тікелей қоқыс өңдейтін зауытқа жіберіледі. Нәтижесінде қалдықтар барынша өңделеді, мысалы, шынылар барынша ұсақталып, шыны зауытына жіберіліп, қайта жасалады. Шет ел тәжірибесінен мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сөз соңында, шетел тәжірибелерін енгізу арқылы өз қаламыздың көркейуі мен гүлденуіне қол жеткізуге болатынын баса айтқым келеді. Сонымен қатар қаламыздың тазалығын сақтауды әрбір тұрғын өзінің азаматтық борышы деп түсінсе мәселенің өз шешімін табуы оңайырақ болар еді. Өз қаламыздың көркейуі өз қолымызда.

**Заңғар БЕРІКҰЛЫ**
**Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3-курс студенті**



СҰХБАТ

# СІЗ ҚАНДАЙ СТУДЕНТ БОЛДЫҢЫЗ ?





**Журналистика мамандығының жас ұстазы, Америкада білім алған Малика Халилланы әңгімеге тартқан едік.**

**- Сіз, қандай студент болдыңыз?**

-Студенттік менің кемінде 10 жыл уақытымды алды. Мектепті қоссақ 20 жыл білімгер рөлінде болдым. Сондықтан 20 жылды бір сөзбен айтатын болсам мен ешқашан білімге тоймаған студент болдым.

**- АҚШ елінде білім алып келгеніңізден хабардармыз, осы жайында айтып берсеңіз?**

- Мен де бәріңіз секілді қарапайым ауылдан шыққан қызбын, кішкентай жасымда Америка деген сөзді естігенде сол жерде білім алу, сол жерге бару арманым болды. Уақыт өте арманым мақсатыма айналды. Сонымен бакалаврды оқу үшін университеттен АҚШ-ты таңдадым. Нью Йорк штатының Сиракьюс қаласындағы Syracuse University білім алдым. Менің бала күнгі арманым болғандықтан және медия журналистиканы ең жақсы оқытатын мемлекеттердің бірі ретінде Американы таңдадым. Сол жерге бар күшімді жұмсап, өзімнің бар білімімді сынап, оқуға түстім. Америкаға бір барған адам қайта екінші рет барғысы келіп тұрады деген сөз бар, ол рас. Бакалаврды бітіріп, мен Қазақстанға келіп қызмет етем деп ойладым, келдім. Бірақ 5, 6 айдан көп тұра алмай, білімімді жалғастыруға қайта Америкаға кеттім. Өйткені бакалаврлық біліммен медия ретінде, журналист ретінде өзімді сезінбедім. Сондықтан магистратураға түсіп,оны тәмамдап барып, дайын шығармын деп елге қайттым.

**- Америкаға оқуға барған қазақ азаматтары ең бірінші нені ескеруі қажет?**

- Менің ойымша Қазақстаннан баратын әрбір адам бастапқыда оңай болмайтынын ескеруі керек. Бірден ештеңе бола салмайды, басында қиналуы мүмкін, адаптация уақыты керек. Басқа ортаға бейімделе салу оңайға түспейтінін әрқашан ұмытпаса болды.

**-Американ мен Қазақстан журналистикасының айырмашылығы неде?**

-Негізі журналистика өзінің мәніне қарасақ ол барлық жерде бірдей. Журналистика деген сөз ақпарат жеткізу, ақпарат тарату. Ол барлық әлемде бірдей болуы керек. Ал енді оның техникаларына келсек американдық журналистердің практикасы мен біздің практикада әрине үлкен айырмашылықтар бар. Мен қысқаша айтатын болсам мен таныған, мен көрген американдық журналистер журналистиканы тек жұмыс ретінде, қызмет ретінде емес бір өмір салты ретінде ұстанады. Яғни 9-дан.6-ға дейін, журналист болып жұмыс істеймін үйге барған кезімде журналистік қызметім тоқтайды деген иделогия жоқ еді. Ол жерде журналистер өмір салты ретінде кіріссе, біздегі журналистика дамып жатыр бірақ журналистикаға деген ой ол жаққа қарағанда ерекше. Бізде журналистер кімдер? Артистер, атақты адамдар ғана жақсы журналист деген ұғым бар, бірақ ол дұрыс емес,Журналистиканың не екенін біліп,оның қызметін біліп істеу керек деп ойлаймын.

**- АҚШ-тағы ұстаздарыңыз жайында айтып берсеңіз ?**

-Ұстаз деген ұғым ол мен үшін өте ерекше. Барлық ұстаздарымды құрметтеймін жақсы көремін. Тек АҚШ -тағы ғана емес, мектепте білім берген ұстаздарымның бәрі есімде, оларды сыйлаймын. АҚШ -тағы ұстаздарым есімнен кетпейтін өміріме көп үлес қосқан адамдар. Ерекшелік дегенде АҚШ-тағы профессорлардың ортақ бір сипатын айтсам олар біріншіден студентті бірінші орынға қояды, жұмысы, қағазы, үй шаруасы оның бәрі екінші орында тұрады, студенттің білім алуы маңызды. Келдім, сабақ өттім болды емес, студент түсінгенше түсіндіруге тырысады. Студентке арнап қойған уақыты болады сол өзінің нақты бір жоспары бар сол жоспармен жүреді тәртіп бірінші орында, сабақ түсіндірген кезінде сезетіні сен бірінші орындасын. Ол ұстаз болсын, профессор болсын, доктор болсын, олардың айтатын бір сөзі «сендер болмасаңдар біз болмаймыз.»

**- Неліктен Түркістандағы қазақ-түрік университетіне оқытушы болып келдіңіз? Неге Алматы, АСТАНА секілді үлкен қалаларды таңдамадыңыз?**

